

М.Қ. Қойгелдиев¹

*т.ғ.д¹, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің проф.
Алматы қ., Қазақстан, mkoigeldiev25@mail.ru*

ЭМИССАРЛАР ИНСТИТУТЫ

Аңдатпа

Өткен ХХ ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан тарихында бір орталықтан басқарудың эмиссарлар институтының қалыптасуымен сипатталады. Елді басқарудың бұл түрлі советтік кезеңнің соңына дейін өзгеріссіз қалып келді. Дегенмен, соңғы жылдарға дейін бұл тақырып арнайы зерттеу объектісіне айнала қойған жоқ. Автор мақаласында отандық тарихнамада алғаш рет аталған институттың қалыптасуының кезеңдеріне тоқталады.

Сонымен совет үкіметі билікке келген күнінен бастап ең соңғы күніне дейін республиканы өзі белгілеген эмиссарлар институты арқылы басқару жолында тұрды. Бұл эмиссарлық билік тұсында әкімшілік басқару жүйесі жаңа сипатқа ие болды. Сол арқылы бұрынғы империялық функциясын күшейте түсті. Әрине, бұл жерде ең алдымен империяның көздегені қазақ жерінің табиғи ресурстарын басым түрде өз елінің мүддесіне емес, метрополия мүддесіне қарай пайдалану болғаны белгілі. Сонымен қатар қазақ халқы сандық және сапалық тұрғыдан өзінің үдемелі өсу арнасынан жаңылды.

Соған сәйкес автор аталған мақалада қазақ тарихында жаңа кезеңнің басталғанын жария еткен бұл шешіммен ере келген билік жүйесінің қызметі мен оның сипатын бүгінгі көзқарас тұрғысынан қорытуды көздейді.

Кілт сөздер: эмиссарлар институты, ұлт-азаттық қозғалыс, Орталық Комитет, советтік билік, идеология.

М.К. Koigeldiev¹

*¹Doctor of Historical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan, mkoigeldiev25@mail.ru*

INSTITUTE OF EMISSARIES

Abstract

The 20-30 years of the XX-th century in the history of Kazakhstan are characterized by the formation of such a form of governance of the republic from the center as the institute of emissaries. This form of management remained unchanged until the end of the Soviet period. The system of administrative management has acquired a new character, consolidating the former imperial positions based on the search for sources of raw materials and sales markets.

The history of the formation and activity of the Institute of emissaries as a management system in Kazakhstan was not considered as an object of historical analysis. For the first time in the Kazakh historiography in the context of the 20-30s, the author analyzes the origins of the formation of this institute of management. The article highlights the beginning of a new stage in the Kazakh history, which implies a generalization of the activities of the power system and its nature from the point of view of modern realities.

Keywords: institute of Emissaries, national liberation movement, Central Committee, Soviet government, ideology.

М.К. Қойгелдиев¹

жыл толды. Совет басшылығы тарапынан белгіленген бұл билік жүйесі қазақ жерінде 71 жылдан астам уақыт салтанат құрды. Автор қазақ тарихында жаңа кезеңнің басталғанын жария еткен бұл шешіммен ере келген билік жүйесінің қызметі мен оның сипатын бүгінгі көзқарас тұрғысынан қорытуды көздейді.

Материалдар мен әдістер. Тарихи процесті танып-білуде құжаттық дерек көздерінің маңызын асыра бағаламау мүмкін емес. Сонымен бірге байқалатыны, империя тарихындағы тәуелді ұлттар тағдырын зерттеу ісіне байланысты құжаттық куәліктердің де мүмкіндігі шектеулі. Мәселен, зерттеуші үшін И.Сталиннің Ф.Голощекинді Қазақстанға бірінші басшы қызметіне жіберіп тұрып ауызша қандай мазмұндағы тапсырмалар бергендігі ешқандай да хаттамаға түспеген. Ол тапсырманы берген кісі мен оны алған кісі ғана қызмет барысында естерінде сақтап, уақыт өте құжатқа түспеген күйінде ұмыт қалады. Ал шын мәнінде екеуара болған келісімнің бүкіл қызметтің мазмұнына әсері болуы әбден ықтимал. Мұндай жағдайда зерттеушіге көмекке келетін оның процеске қатысты басқа да фактілік мәліметтерге сүйенген интуициясы ғана.

Зерттеу жұмысы қашан және қандай жағдайда толыққанды сипат алады? Әрине, тақырыпқа қатысты негізгі материалдар зерттеуші үшін қол жетімді болғанда. XX ғасырдағы ұлт тарихына қатысты ондай мүмкіндік бізге әлі жеткен жоқ.

Автор мақалада өткен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұлт тарихында орын алған саяси мәселелерге тоқталады. Бұл тарихи кезеңде қоғам үшін негізгі мәселе қазақ жерінде әлгінде ғана орныққан советтік мемлекеттік жүйенің ұлт өміріне қатысты мазмұны болды. Советтік тарихнама большевиктік билікке альтернатива (балама) жүйе болмады, болуы да мүмкін емес-тін деген ұстанымды орнықтырумен болды. Бұл, әрине, мәселеге таза идеологиялық қатынастың көрінісі еді.

Нәтижелерді талқылау. Эмиссар ұғымын алғашқылардан болып М.Шоқай өз еңбектерінде айналымға қосты. Мәселен, ол «Орта Азиядағы ұлттық қозғалыс» аталатын еңбегінде (1927ж.). Ф.Голощекинге байланысты «Қазақстандағы совет өкіметінің «наместнигі» деген сөзді пайдаланды. Осымен бірге ол «Москва эмиссары» деген ұғымды да қолданды [1, 411 б.]. Бүгінгі әдебиетте бұл ұғымды О.Қоңыратбаев пен А.Жүнісбаевтың [2], сондай-ақ І.Қозыбаевтың [3] өз еңбектерінде пайдаланғанын байқауға болады. Ресейлік автор Вадим Кожинов кітабында «чужак» деген атауды қолданады [4, 170-222 бб.]. Неміс тарихшысы Р.Киндлер «эмиссары революции» деген терминді пайдаланды [5].

Emissarius – латын сөзі, белгілі бір мемлекеттік мекеменің, басшылықтың арнайы тапсырмасымен (басым түрде құпия) өзге елге жіберілген өкіл деген ұғымды береді. Советтік тарихтың 20-30 жылдарында Қазақстандағы билік толығымен метрополиялық орталықтың құзырында болды. Елді басым түрде партияның Орталық Комитеті жіберген эмиссарлық кадрлар басқарды. Жалпы жетпіс жылдан астам тарихы бар советтік жүйеде көпұлтты империяның өмірін бір орталықтан басқару ісінде эмиссарлар институты кең қолданысқа түскен басқару әдісі міндетін атқарды. Эмиссарлық басқару қазақ қоғамын илеуге алып, одан мәскеулік орталық қалағандай болмыс жасауға күш салды. Бүгінгі қазақ қоғамы, белгілі дәрежеде, советтік кезеңдегі эмиссарлар қызметінің өнімі. Сондықтан да бұл басқару институтының табиғатын мүмкін болғанша тура түсіну советтік саяси басқару жүйесінің ерекшеліктерін тура түсінуге жол ашпақ.

Советтер Одағында эмиссарлар институтының кең өріс алып, басқару жүйесі ретінде орнығуының ең аз дегенде мынадай алғышарттарын ескерген артық емес.

1. Бұл институттың өмірге келуі және қалыптасуы коммунистік партияның дара билік жүргізуші саяси күшке айналуымен тікелей байланысты. Партия советтік мемлекеттік жүйеде әуел бастан жартылай жабық орден [6] түрінде қызметін жолға қойды. Империялық орталық партиялық құрылым арқылы ғана өзінің негізгі ұстанымдарын өткізе алатын еді. Ал эмиссарлар институты болса ұлттық республикалар мен аймақтарда партиялық тәртіпке сүйенген орталық биліктің идеясын өткізуші және жүргізуші агенті міндетін атқарды.

20-жылдардың екінші жартысында партиялық және советтік құрылымдар арасындағы биліктегі бірінші рөл үшін жүрген қарсыласу біржола алғашқысының пайдасына шешілді.

Барлық буындағы советтік билік орындары іс жүзінде партиялық билікке бағынышты, оның шешімдерін басшылыққа алушы, аты бар да заты жоқ құрылымға айналды. Міне осы қалыптасқан жағдайға байланысты 20-жылдардан бастап-ақ республикадағы партиялық басшылық мәскеулік орталық белгілеген адамның қолында болды, ал оның ұлты орыс немесе басқа ұлт өкілі, басқаша айтқанда жергілікті халыққа «бөтен» адам болуға тиіс еді. 1920-1921 жж. аралығында Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін 19 адам атқарған. Олардың төртеуі ғана қазақ ұлтынан (М.Мырзағалиев (1921 ж. қаңтар - мамыр, маусым), Ж.Шаяхметов (1946 ж. маусым - 1954 ж. ақпан), Д.Қонаев (1960 ж. қаңтар - 1968 ж. желтоқсан, 1964 ж. желтоқсан - 1986 ж. желтоқсан) және Н.Назарбаев (1989-1991 жж.).

Осы арада мынадай жағдайға көңіл аударған артық емес. Жұмабай Шаяхметов республиканы басқаруға сталиндік диктатура жағдайында келді. Оның 1946 жылы елдегі бірінші басшылыққа келуіне мынадай екі жағдай шешуші рөл атқарды. Біріншіден, Ж.Шаяхметов 1932-1938 жылдары НКВД аппаратында жұмыс жасап, жабық органның сынынан өткен өз адамы болатын. Екіншіден, бұл арада Ж.Шаяхметовтың билікке басқа уақытта емес, 1946 жылы келгенін ескерген жөн. Яғни, орталық биліктің қалауының қазақ Ж.Шаяхметовке түсуінің мынадай астары бар-тын. 1941-1945 жж. болып өткен соғыс тұсында Қазақстан өзінің адами потенциалы тұрғысынан да, сондай-ақ табиғи ресурстары тұрғысынан да аса зор мүмкіндігі бар республика екендігін танытты. Бұл осы мезгілге дейін орталық, әсіресе И.Сталин тарапынан күтпеген жағдай еді. Ендігі уақытта халық шаруашылығын қалпына келтіру ісінде де Қазақстан сияқты мүмкіндігі зор республиканың потенциалын толық пайдалану міндеті тұрды. Республика басына қазақтардың өзінен басшы қойып жылы «қабак» таныту осы мақсатты іске асыру үшін қажет еді.

1953 жылы билікке келген Н.С. Хрущев одақтағы астық мәселесін шешуді Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру ісімен байланыстырды. Келесі жылы Қазақстанға келген бетте Ж.Шаяхметовке қойған сұрауы жаңадан игеруге болатын тың және тыңайған жер көлемі еді. Ондай үлкен көлемдегі жердің жоқ екендігін бірден-ақ ескерткен республика басшысының жауабын ұнатпаған Н.Хрущев Ж.Шаяхметовты қызметінен босатып, оның орнына кезінде Белоруссияны басқарған (1938-1948) П.К. Пономаренконы тағайындайды.

Қазақстанда жұмыс жасап (1955-1956) қазақ халқын алыс емес, жақыннан білген Л.И. Брежнев мәскеулік биліктің қазаққа қатысты күдігін біраз сейілтті. Оның Д.А. Қонаевқа деген ықыласы соның көрінісі еді. Өз ретінде Д.Қонаев та орталықтың бұл пейілін республика халқының әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруге пайдалануды қош көрді. Республика өміріндегі бұл «еркінсуді» көпсінген М.Горбачев билікке келген бетте Д.Қонаевты басшылықтан ығыстырып, орталықтың Қазақстанды өз эмиссарлары арқылы басқару дәстүрін жаңғыртып, Ресейдің ішкі облыстарының бірін басқарып жүрген Г.Колбинді Қазақстандағы басшылыққа тағайындады.

Г.Колбин аппаратында идеология бөлімін басқарған М.Жолдасбеков жазушы Б.Бодаубаевтың жаңа басшының жеке басына байланысты қойған сұрауына берген жауабында мынадай пікір білдіреді: «Орталықтың оны Қазақстанға неге жібергені түсініксіз болатын. Ол Қазақстанды, қазақтарды, қазақтың тарихын білмейтін, білгісі де келмейтін.

...Ақылшылары да көп еді. Олар негізінен Мәскеуде отырды. Өзімізде де кеңес берушілер аз болған жоқ. Орталық комитетте құқықтық бөлімінің меңгерушісі Ефимов деген болды..., тұла бойы қазаққа қарсы адам еді, Колбинде өтетін кеңестерде биттей нәрсені түйедей ғып отыратын. Аузынан мұны былай қалдыруға болмайды, жазалау керек дейтін сөз жиі шығатын» [7].

Осы ойға жақын пікірді Г.Колбин тұсында республикадағы Жоғарғы Кеңестің төрағасының орынбасары қызметінде болған, Социалистік Еңбек Ері Вера Васильевна Сидорова да білдіреді. Г.Колбиннің қызметіне байланысты Вера Васильевна «Ол Қазақстанда бастаған ісін соңына дейін апармауымен есте қалды. Орталық оның

Қазақстандағы қалыптасқан ахуалды жақсарту алмағанын біліп отырды... Колбиннің Республика басшысы ретіндегі жұмысы арнайы сценариймен жазылған спектакльмен бірдей болды. Ал оның режиссерлері Мәскеуде отырды» [8], – деген тұжырым айтты.

Қорыта айтқанда, Совет үкіметі алғашқы күнінен бастап соңғы күніне дейін Қазақстанды өзі белгілеген эмиссарлар институты арқылы басқару жолынан аяқ тартқан емес. Эмиссарлық билік тұсында әкімшілік басқару жүйесі, әрине, жаңа түр, сипат алды. Дегенмен, ол мазмұндық тұрғыдан бұрынғы отарлаушылық міндетінен арылған жоқ-тын, қайта бұл функциясын жетілдіре және күшейте түсті. Қазақ жерінің табиғи ресурстары басым түрде өз елінің мүддесіне емес, метрополияның мүддесі мен қызықшылығына қызметке қойылды. Қазақ халқы сандық және сапалық тұрғыдан өзінің үдемелі өсу арнасынан жаңылды. Совет империясының ыдырау қарсаңында Қазақстан жер байлығы тоналған, халқы рухани құндылықтарынан айрылу алдында тұрған елге айналды.

2. Эмиссарлар институты – атқаратын міндеті тұрғысынан советтік режим жария еткен ұлттардың өздерін-өздері басқару принципінә сәйкес келмейтін құрылым еді. Басқаша айтқанда, бұл басқару институты патшалық билік жүйесінен советтік жүйеге өткен элемент. Патшалықта ұлттық аймақтарды басқаратын генерал-губернаторды патшаның өзі тағайындайтын болса, советтік жүйеде бұл міндетті компартияның орталық комитетінің бас хатшысы атқарды. Халық арасында «жарым патша» атанған генерал-губернатор қызметі де әскер күші мен патша бекіткен заңдық ережеге сүйеніп, империялық мүддеге жол ашып, жергілікті халықты бағынышта ұстауға тиіс болды. Ұлттық республикадағы компартияның бірінші хатшысы да қызметін республикалық заңдық актілермен үйлестіруге тиіс болғанымен, ол күнделікті қызметінде басымдылықты бірінші кезекте орталық белгілеген талаптарға беруге міндеттелді.

Ағымдағы өмірде эмиссарларға өз қызметінде ылғи да өзара қайшылықта болған жергілікті мүдде мен мәскеулік орталықтың талап-тілектері арасында таңдау жасауға тура келді. Бұл ретте оның басымдықты орталықтың талап-тілектеріне беретіндігі қалыпты жағдайға айналды. Осы тұрғыдан оның қызметі принципсіздігімен ерекшеленді.

Орталық өкімет, әрине, Қазақстан сияқты ұлттық республикаға жіберілетін бірінші басшының тұлғалық сипатына ерекше назар аударды. Яғни, ол саяси ұстанымы тұрғысынан орталыққа өз адамы болуға тиіс еді. Егер патшалық тұсында ортаазиялық кеңістікте ресейлік мемлекеттік аппаратты қалыптастыру ісінде басымдық тегі орыс немесе неміс ұлттарынан шыққан әскерилерге берілсе, советтік кезеңде бұл міндет тегі орыстармен қатар кавказдықтарға және басқа еуропалықтарға жүктелді.

3. Қазақ қоғамында эмиссарлар қызметіне жол ашқан жағдай ол ұлттық бірегейліктің, тұтастықтың әлсіздігіне байланысты еді. Совет өкіметінің қазақ жеріндегі алғашқы қадамынан бастап-ақ жаңа билік алдында қазақ өзінің тұтастығы мен кемелдігін таныта алмады. Ия, рас, ғасыр басындағы алғашқы буын ұлт зиялылары ерекше қабілет және жігер мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда және империялық күштерге ұлт мүддесін мойындату ісінде ешуақытта ұмытылмайтын қызмет атқарды. Ұлттың ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіруге құқылы екендігін ашық та анық жария етті. Өкінішке орай, ұлттың басқарушы зиялыларының бұл әрекетіне сүйеніш болып, қолдау көрсетуге қоғамның материалдық тұрғыдан да, моральдік тұрғыдан да даярлығы тапшы болып шықты. Өндірістік күштердің ортағасырлық күйде қалуы, ғасырларға ұласқан отарлық тәуелділік осы жағдайға жеткізген еді. Большевиктік билік алғашқы қадамынан-ақ экономикалық және теориялық басымдығына сүйеніп өз ұстанымдарын орнықтыруға күш салды. Ал ол ұстанымдар екі жаққа бірдей пайдалы, мүдделер тепе-теңдігіне негізделген деп айтуға келмейтін еді. Бұл жаңа биліктің қазақ қоғамына еніп, үстемдігін орнатуға жеңілдік тудырған тап күресі туралы теорияның ресейлік варианты болғандығын айтқан жөн. Яғни, 1) таптардың өмір сүруі өндірістің белгілі бір тарихи фазаларымен байланысты, 2) тапаралық күрес қажеттіліктен туындайтын пролетариат диктатурасына алып келмек, 3) өз ретінде бұл диктатураның өзі де барлық таптардың жойылып, тапсыз қоғамға өтуге алғышарт туғызатын кезең болмақ.

Міне осы базалық теориялық ұстанымға сәйкес қазақ қоғамы өзара қарсы екі таптан, яғни байлар мен кедейлерден тұратындығы партиялық және советтік ресми құжаттарда айтылып, бұл әлеуметтік-саяси жіктеу белсенді түрде қоғамдық санаға сіңірілумен болды. Яғни, қазақ қоғамы үшін де осы тап күресі жолына түсуден басқа балама жол жоқ, болуы да мүмкін емес деген тұжырым биліктің күнделікті қызметінде көрініс табуы қалыпты жағдайға айналды. Кімде-кім бұл саяси ұстанымға күмән келтірсе, ол халық жауы ретінде жойылуға тиіс болды. Большевиктер түсінігінде бұл қарсыласуда мүдіру өліммен тең еді.

Өз ретінде мәскеулік саяси орталық тарапынан белгіленген эмиссарлар институтының негізгі міндеті де осы теориялық тұжырымды Қазақстан сияқты ұлттық аймақтарда ешқандай да жалтақсыз, тез арада практика жүзінде іске асыру еді.

Большевизмнің бұл ұстанымы осы тарихи кезеңдегі қазақ қоғамында қалыптасқан күрделі жағдайды жағымды тұрғыдан өзгертуге қаншалықты сәйкес келетін еді? Әрине, мүлдем сәйкес келмейтін. Өйткені, большевиктербасшылыққа алған бұл ұстанымның қазақ қоғамы емес, тіптен Ресей қоғамында іске асуына күмән келтіргентеориялық ағымдар аз емес-тін. Ондай ұстанымдағылар, мәселен, орыс социал-демократиясының ішінде де болды [9, 240-241 бб.], [10, 51 б.]. Меньшевиктер, мәселен, большевиктерге марксистік эволюция теориясында қарастырылған қоғамдық дамудағы алғышарттардың пісіп жетілуін күтпестен конспиративтік әдістер арқылы пролетарлық революция ұйымдастыру жолына түсіп отыр деген айыптау айтты. Бұл, біріншіден. Екіншіден, ХХ ғасыр басындағы Ресей және қазақ қоғамдарының экономикалық және саяси-әлеуметтік даму деңгейлері өзара салыстыруға келмейтін еді. Соған байланысты орыс социал-демократиялық большевиктер партиясының бағдарламалық ұстанымы 1917 жылғы қазан революциясықарсаңындағы қазақ қоғамының алдында тұрған міндеттерден мүлдем алшақ жатты.

Бұл арада ауқымды мәселенің бір-ақ қырына, яғни билік түріне ғана тоқталайық. Қазақ қоғамына таптық жіктелу жолына түсіп, пролетариат диктатурасы аталатын биліктің салтанат құруы үшін қан төгудің ешқандайдақажеті жоқ-тын. Қазақ қоғамына тарихи тұрғыдан қажеті-жалпыұлттық мемлекеттігін жаңғырту арқылы отарлық тәуелділіктен құтылып, жерінің тұтастығын сақтап, өзінің ішкі мәселелерін сырттан араласусыз тек өзі шешу мүмкіндігіне қол жеткізу болатын.

2. *Өкімет ұлттың әлеуметтік құрылымына және ішкі сұранысына сәйкес болуға тиіс.* Қазақ халқының бұл толық заңды тілегі 1920 жылы Қазақ Советтерінің Құрылтай съезі қарсаңында Совет мемлекетінің негізін қалаушы және оның үкіметінің төрағасы В.И. Ленинге тапсырылған екі ресми құжат арқылы білдірілді. Олардың бірі 1920 жылғы 17 мамырмен белгіленген Ахмет Байтұрсынұлының В.И. Ленин атына жолдаған хаты да, екіншісі осы жылдың тамызында В.И.Ленинге арнайы қазақ халқының тілегін жеткізу үшін Мәскеуге келіп, бірақ оның қабылдауына кіре алмай, дегенмен тілегін жазба түрінде тапсырған қазақ делегациясының «Обращение киргиз к Ленину» аталатын үндеуі еді.

Бұл екі құжаттың қазақ жерінде советтік биліктің орнағанын және оның үкіметінің құрылғанын жария етуге тиіс болған Қазақ Советтерінің Құрылтай съезі қарсаңында тапсырылуы, әрине, жәйдан-жәй емес-тін. Мазмұндық тұрғыдан аса маңызды бұл екі құжат осы тарихи кезеңдегі Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қазақ жерінде орнауға тиіс болған мемлекеттік құрылым мен билік жүйесіне қатысты принциптік ұстанымын білдіретін еді. Басқаша айтқанда, аталған құжаттар азаттық қозғалыс лидерлері тарапынан қазақ жерінде құрылуға тиіс болған мемлекеттік құрылымға мазмұндық тұрғыдан ықпал жасаудың соңғы әрекеті болды.

Міне осы аталған екі құжат бүгінгі таңда большевизм мен қазақ азаттық қозғалысы қайтраткерлерінің сол тарихи кезеңдегі қазақ шындығына қатысты өзара үйлеспейтін екі көзқарастың куәлігі ретінде оқылады.

Советтік идеология пролетариат диктатурасы аталатын билікті қоғамдағы барлық әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде ұлттар теңдігін қамтамасыз ете алатын универсалды құрал ретінде қарастырды. Ал шын мәнінде совет үкіметінің ұлт мәселесін шешуге

байланысты нақты бағдарламасы болған емес. Бұл саясат жаңа биліктің бірінші күнінен бастап-ақ И.Сталиннің импровизаторлық еркіне берілген сала болды.

В.И. Ленин мен оның серіктері әлемде империалистік күштерге қарсы өріс ала бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарға пролетарлық революцияның қосымша күш қоры (резерві) ретінде қарады. Большевиктер партиясының ұлт мәселесі бойынша бас теоретигі және комиссары И.Сталин «Ленинизм негіздері жөнінде» аталатын лекциясында ұлттардың құқығы туралы мәселе «оқшау және дербес мәнге ие мәселе бола алмайды, пролетарлық революция туралы мәселенің бөлігі ғана, яғни ол бүтінге тәуелді және өзіне осы бүтін тұрғысынан қарауды талап етеді» [11], – деп көрсетті. И.Сталин бұл пікірін негіздей түсу үшін В.И.Лениннің «демократияның кейбір талаптары, соның ішінде өзін-өзі билеу мәселесі шексіз нәрсе емес, бар болғаны әлемдік жалпыдемократиялық (қазіргі: жалпысоциалистік) қозғалыстың бөлігі ғана. Мүмкін, кейбір нақты жағдайларда бұл бөліктің жалпыға қайшы келуі ықтимал, ондай жағдайда бөліктің талабы орындалмақ емес» [11], – деген тұжырымына сілтеме жасап, өзінің де осы ұстанымда тұрғандығын анық білдіреді.

Сонымен, большевизмнің теориялық негізін қалаушылар ұлт-азаттық, яғни антиколониалдық, антиимпериалистік қозғалыстарды жалпыдемократиялық, жалпыұлттық міндеттер мен мақсаттарды көздейтін дербес күш емес, таптық пролетарлық революциялық өзгерістер арқылы ғана өз шешімін таба алатын, сондықтан да оған тәуелді ағым ретінде қарастырды.

Большевиктік басшылықтың бұл ұстанымына татар, башқұрт және түркістандық азаттық қозғалыс қайраткерлері үзілді-кесілді қарсылық танытты. Мәселен, А.Байтұрсынұлы В.И.Лениннің III Коммунистік интернационалдың II съезінде жасамақ болған баяндамасының тезистеріне байланысты жазған пікірінде «осы уақытқа дейін Еуропадағы капитализмнің күш алуына қызмет жасап келген Шығысқа ендігі уақытта Еуропадағы пролетарлық революцияны жасауға және оны күшейте түсу үшін пайдалануға болатын» қосымша ресурс есебінде қараудан бас тартып, ұлттардың өз тәуелсіздігі үшін күресін дербес мәнге ие қозғалыс ретінде мойындауды талап етті.

Башқұрт азаттық қозғалысының басшысы Ахмет Заки Валидов жоғарыда аталған В.И. Лениннің тезистеріне байланысты естелігінде олтезистерді түркістандық жолдастарымен бірге оқығандығын, өз ретінде бұл жақтың көзқарасын қабылдау (В.И.Лениннің) қаперінде болмағандығын, лениндік басшылық «бұрынғы отар аймақтарда тек орыс пролетариатына ғана сенетін болады, ал бізге сенім деңгейі олардың бсшыларының айтқанын орындап, бас иіп жүруімізге тікелей тәуелді, бізге олар социализм Ресей мен барлық әлемде біржола орныққанда ғана сенетін болады. Оған дейін Шығысты метрополияның жұмысшылары басқарады... Мен мұны өз құлағыммен естідім» [12, 257 б.], – деп жазды.

Советтік басшылықтың ұстанымын Мәскеудегі ұлт істері бойынша комиссариат аппаратында және Қазақ революциялық комитетінің қызметіне тікелей араласа жүріп бағамдаған А.Байтұрсынұлы В.И. Ленинге жолдаған хатында: «1) Қазақ өлкесін басқаруға қойылған орталықтың өкілінің белгілі бір ұстанымы болған емес, соған байланысты нақты жұмыс жоспары да жоқ; мұндай жағдайды орталық басшылықтың өзінде «Ресей халықтарының құқықдекларациясы мен РК(б)П бағдарламасындағы» принциптік нұсқауларынан басқа Қазақ өлкесінің әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін есепке алған қазақ мәселесіне қатысты нақты көзқарасының жоқтығымен түсіндіруге болады және 2) орталық өкілдері мен жергілікті халықтың арасында өзара сенім де болған жоқ», – деп көрсетті.

А.Байтұрсынұлы совет үкіметіне бұл қалыптасқан жағдайға байланысты екі жолдың бірін таңдауға тура келетіндігін ескертті. Бірінші жол деп көрсетті ол үкімет сол патшалық тұсындағыдай қазақ жерлерінде губернаторлары мен генерал-губернаторларын тағайындап, қазақтардан ешқандай да қарсылықсызбағынуды талап ету болмақ. Бұл түрлі патшалардың сынынан өткен таныс жол. Екінші жол сәл күрделірек, яғни қазақ халқының

ескі билік тұсында ұлт мүддесі үшін күрес жолында тәжірибе жинап ысылған зиялылар тобы бар, халық оған толығымен сенеді, оның қателесуі немесе адасуы мүмкін, бірақ саналы түрде ешқандай да жеке бас мүддесі және пайдасы үшін халқын сатпайды [13, 59-64 бб.] – деген тұжырымен ашық та анық жеткізді.

Бұл, әрине, совет үкіметінің негізін қалаған және бірінші басшысы В.И. Лениннен ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы мәселені декларация түрінде қалдырмай, практика жүзінде шындыққа айналдыруды талап етудің өзі болатын. Яғни сөз бен істің арасындағы алшақтыққа жол бермеу, олардың тұтастығы туралы мәселенің қойылуы еді.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының бірі ретінде советтік басшылықтың қабылдауында болып, қазақ ревкомының құрамына енгізілген А.Байтұрсынұлының хатта айтылған пікірлері есепке алынып, оған ресми жауап берілуге тиіс еді. Ондай жауап берілмеген күйінде қалды.

Бірінші кезекте не тұруы қажет еді: таптық жіктелу ме, жоқ әлде ұлттық бостандық па?

Келесі құжат «Қазақтардың Ленинге үндеуі» аталады [1, 255-262 бб.]. Бұл құжат, яғни қазақ халқының атынан азаттық қозғалыс басшылығының совет үкіметінің төрағасына үндеуі. Жоғарыда біз тоқталған А.Байтұрсынұлының осы адреске жолдаған хатымен (1920 ж.мамыр) өзара ішкі байланыста талдауға алынғаны жөн.

Осы ретте ескеретін жағдай 1920 жылы 25-мамырда Түркістан республикасынан арнайы келген делегация В.И.Ленинге «Түркістан Республикасының жағдайының жоспары» аталатын 9 беттік баяндама тапсырады. Құжатта баяндалған ойдың өзекті жібі ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы белгілі декретте мәлімделген ұстанымды өмірлік шындыққа айналдыруды, осы ретте ең алдымен Түркістанға орыс әскерін жіберу арқылы жасанды түрде таптық жіктелуді енгізуге шек қоюды талап ету болды [2, 162 бб.].

Міне бұл Түркістандағы түрік-мұсылман елдерінің атынан даярланған құжаттық материалдардың В.И. Ленинге бір мезгілде тапсырылуы, әрине кездейсоқ емес-тін. Бұл фактілер біріншіден, қазақ және Түркістан азаттық қозғалыстарының күн тәртібінде тұрған мүдделерінің ортақ екендігін куәландырса, екіншіден, олардың В.И. Ленин басында тұрған советтік империялық орталықпен арасында принциптік қайшылықтың бар екендігінің, сондай-ақ бұл қайшылықтың тереңдей түскендігінің көрінісі еді.

М.Шоқай бұл құжатты Тбилисиде өзінің редакторлығымен шығып тұрған «Борьба» аталатын газетте жариялаған (1921 г. 1, 8 февраль). Қайраткердің пікірінше хаттың тапсырылған мезгілі 1920 жылдың тамызының соңы және оның авторларының бірі А.Байтұрсынұлы. Ол В.И. Лениннің қабылдауына сұранған делегацияның құрамында болуы да әбден ықтимал [14, 118-121 бб.]. Құжатқа берген түсінігінде М.Шоқай бұл үндеуді Мәскеуге Ленинге жолығуға арнайы келген қазақ делегациясы үкімет төрағасының қабылдауында бола алмаған соң пікірін жазба түрінде тапсыруға мәжбүр болған [15, 358], [2, 162 б.].

Қазақ халқының атынан тапсырылған үндеу ультиматумдық тұрғыдан даярланған құжат емес-тін, қайта одан үлкен ізеттің табы байқалады. Сонымен бірге құжатта иіліп өтіну, жөнсіз өбексу де жоқ. Дегенмен, одан сол тұстағы суық та қатал заманның боямасыз ащы шындығы бетке ұрады.

Үндеу мәтіні сол кезеңдегі қазақ қоғамының саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайы мен ерекшелігіне қатысты есепке алынуға тиісті талап-тілектерді қазақы ашықтықпен баяндаудан басталады: «Октябрь революциясы, – деп жазды құжат авторлары, – қырғыз (қазақ деп оқыңыз -авт.) бұқарасын әлеуметтік революция иіріміне бірден тартып кете алған жоқ, өйткені соңғылардың санасында ұлттық сезім таптық сезімнен басым болды, ал бұл жағдай қазақтардың шаруашылық өміріндегі жіктелудің әлсіздігі мен патшалық режимде ұлттық қанаудың шектен тыс қатаңдығына байланысты болды» [14, 265].

Құжаттағы бұл тұжырымның принциптік маңызы бар. Ол 1917 жылғы октябрь революциясы қарсаңында қазақ қоғамы үшін бірінші кезекте тұрған мәселе, большевизм

көсемдері төтеннен келіп қабылдануға тырысқандай, таптық ұстанымды негізге алып әлеуметтік жіктелу жолына түсу емес-тін, ұлтқа қажеті орыс империализмі тарапынан қазақ мүддесіне жасалып отырған қиянаттан құтылу еді. Яғни, қазақ ұлты мен әлгінде ғана орнаған совет өкіметі арасындағы өзара қатынас осы шындықты мойындаудан, соған сәйкес ендігі атқарылатын міндеттерді анықтаудан басталуға тиіс еді.

Орталық билік тарапынан қазақ қоғамына бірінші кезекте қажет ең негізгі талап-тілектерге түсіністікпен қарап, сол арқылы өзара диалогқа жол ашу ендігі өзара қатынастың ірге тасының берік болуының кепілі еді. Советтік гуманитарлық және құқықтану ғылымдарында бұл тақырыпқа жете көңіл аударылмады. Совет өкіметі бұл тарихи кезеңде қазақ қоғамының табиғи мүддесін, соған сәйкес табиғи талап-тілектерін аяқ асты етіп, оған тек ультиматумдық талаптар қоюмен болғандығы елеусіз қалдырылды. Өйткені советтік ғылым үшін қазақ және басқа түрік халықтарына большевиктік өзгеру жолына альтернатива жоқ еді.

Сонымен араға бір ғасыр уақыт салып октябрь революциясының және совет үкіметінің басшысы В.И. Ленинге қазақ халқының атынан қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының жолдаған үндеуінде айтылған бұл негізгі тұжырымнан біз қандай ой түйе аламыз? Біріншіден, осы жасаған тұжырымы арқылы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшылары ұлттың алдында тұрған міндеттерді теориялық тұрғыдан қорыту ісінде уақыт сұранысына лайық дәрежеде көрінген еді. Яғни, олар кейінгі өмір ағымы көрсетіп бергеніндей қазақ азаттық қозғалысының сол тарихи кезеңде басым түрде антиколониалдық арнада тұрғандығын көрсетіп қателескен жоқ-тын. Екіншіден, қазақ қоғамына қатысты бұл мәселені тура түсіну ісінде ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының өмірлік шындыққа большевизм ұстанымынан жақын тұрғандығы ешқандай да күмән тудырмайды. Кез-келген отарлық тәуелділік сатысында тұрған қоғам алдымен саяси тәуелсіздігін алмай тұрып таптық жіктелу жолына түсе алмайды, ал түскен күнде отарлық езгіден құтыла алмайды. Әлеуметтік-саяси тұтастығы жоқ, өзара алауыз ұлт бостандыққа қол жеткізуі мүмкін емес. Сонымен бірге, үшіншіден, советтік басшылыққа өзінің ішкі мәселелерін жеткізе отырып ұлттық басшылық қалыптасқан жағдайға байланысты оларды шешу жолдарын жаңа өкіметпен бірге іздеуге даяр екендігін де білдірген еді.

Жалпы мұндай мазмұндағы мәселені шешу жолын іздеу ісінде қазақ және түркістандық халықтар жалғыз емес-тін. Бірлі-жарым әлемдік аналогтарға жүгінейік. Мәселен, Никарагуа (Латын Америкасы) ұлт-азаттық қозғалысының басшысы генерал Аугусто Сесар Сандино 1933 жылы аргентиналық публицист Рамона де Белаустегийогитидің «сандинистерді коммунистік ұстанымдағылар қатарына жатқызуға болады ма?» деген сауалына «біздің қозғалысты ұлттық мүддені қорғау арнасынан шығарып, оған әлеуметтік-таптық мазмұн беру әрекеті бір емес, бірнеше мәрте жасалынды. Мен бұған үзілді-кесілді қарсылық көрсеттім. Өйткені біздің қозғалысымыз ұлттық және антиимпериалистік бағыттағы қозғалыс» – деген нақты жауап береді [16].

Әрине, Латын Америкасындағы Никарагуаның саяси және басқа жағдайы Ресей империясы құрамындағы қазақ елінің жағдайынан өзгеше, дегенмен, бұл тарихи кезеңде екі елдің өмірінде ұқсастықтар да бар-тын, мәселен, екі ел де отарлық қанаудан құтылу үшін күрес жолында тұрды. Соған байланысты өзара тікелей байланысы жоқ азаттық үшін күрес басшыларының қозғалыс табиғатын анықтау ісінде ортақ тұжырымға келуі толық табиғи құбылыс болатын.

Коммунистік және ұлт-азаттық қозғалыстардың ара-қатынасы тақырыбына үнді қайраткері Дж.Неру де тоқталады. Ол «Индияны ашу» аталатын еңбегінде қазақ азаттық қозғалысының табиғатын тура түсінуге көмектесетін мынадай көрініске көңіл аударады. Яғни, Ресейде октябрь революциясы жеңіп, большевиктер билікке келген бетте осы оқиғаның ықпалымен басқа да елдерде коммунистік топтар мен партиялар өмірге келе бастайды. Осы ретте мынадай жағдай байқалады. Енді ғана өмірге келген коммунистік ұстанымдағы топтар мен жергілікті ұлттық бұқаралық сипаттағы партиялар арасында қарсыласу мен қақтығыстар орын алады. Оған негіз болған жергілікті саяси

құрылымдардың әлгі коммунистік ұйымдарға Ресей тарапынан басқарылатын шетелдік топ ретінде қарауына байланысты еді.

Өз ретінде жаңағы коммунистік топтармен партиялардың совет өкіметінің шараларына қолдау көрсетіп, ықылас танытуы Мәскеу басшылығының «әлемдік революция» идеясына май құя түскендей еді. Осы жағдайды байқаған Дж.Неру Советтік үкімет басшыларымен «Россия үшін пайдалы болуы мүмкін нәрсе міндетті түрде әлемнің басқа бөлігіне де пайдалы болмақ» деген оның ұстанымымен келісе отырып қана түсінісуге болатын еді деп жазды. Осы ұстанымға иланған коммунистік партиялар өз қатарына кемел ерлер мен әйелдерді тарқанымен бәрібір соңында берекесіздікке ұшырады, өйткені, олар халықтың ұлттық сезімінен қол үзіп қалған еді деген ойды айтты. «Мен осы мәселеге байланысты басқа елдердегі жағдайға тереңдеп бара алмаспын, дегенмен, маған Индиядағы коммунистік партияның ұлттың жанымен бірге келе жатқан салт-дәстүрден толықтай қол үзіп қалғаны, оны білмейтіндігі мәлім. Коммунистік партияның пайымында коммунизм міндетті түрде өткен тарихқа деген немқұрайдылық тудырмақ. Коммунистер үшін әлем тарихы 1917 жылғы қарашадан басталады, ал оған дейінгі оқиғалар соған алып келген даярлық есебінде ғана...» [17] – деп жазды ол. Бұл пікірін ол халқының басым бөлігі тапшылықта өмір сүріп отырған Индияда коммунистік партия үлкен беделге ие болуға тиіс еді, брақ олай болмай шықты. Оның себебін қайраткер коммунистердің ұлттық сезімнен ажырап, халықтың күнделікті шынайы өмірінен көз жазып қалғандығымен байланыстырады. Мұндай сәтсіздікке ұшыраған жалғыз Индияның коммунистік партиясы ғана емес, сонымен бірге модернизм туралы, бүгінгі сұраныстар туралы, батыстық мәдениеттің мәні туралы езе сөйлеп, ал өзінің төл мәдениетінде нендей өзгерістер болып жатқанын білмейтін партиялар да аз болмағандығын ескертеді. Үндеуде баяндалған келесі ойға тоқталалайық. Үндеу авторлары егер совет өкіметі ұлт мәселесіне байланысты бастапқы уәделерінде тұрса қазаққа басқа өкіметтің қажеті жоқ екендігіне, Қазақ әскери революциялық комитетін құру туралы декреттің жарық көруі осы үлкен істің басы ретінде қабылданатындығын мәлімдейді. Совет өкіметіне көрсетілген осы ізеттен соң үндеу авторлары үкімет басшысы ретінде В.И. Лениннің назарын қазақ қоғамында қалыптасқан ауыр жағдайға, ал оны шешуге Қазақстанға жіберілген Қазақ ревкомының міне жыл болды шарасыздық танытып отырғандығына аударады. Жаппай сауатсыз қоғамда дәрігерлік көмектің мүлдем жоқтығынан эпидемиялық аурулар кең өріс алып, бұларға аштық қосылып, адамдар ит етін жеуге мәжбүр болып, әйел заты тәнін жабарға лыпа таппай қиналған заманға тап болған ұлттың өміріне араша түсер өкіметке зәру болып отырғандығын жеткізеді.

Үндеу авторлары Совет өкіметі басшысының назарын қазақ қоғамы үшін ең өзекті мәселеге айналған мемлекеттік басқарудың мазмұнына аударады. Яғни, қазақ елін басқару ісін қолына алған өкімет қандай болуы қажет? Ол өкімет алдымен бұл елдің қандай әлеуметтік құрылымнан тұратынын, сондай-ақ ол әлеуметтік құрылымдарды ортақ мүддеге жұмылдыру жолдарын, осы мақсатта қандай әдіс-құралдарды іске қосу қажет екендігін анықтап алғаны дұрыс болмақ. Яғни, қазақ қоғамын басқару түрі елдің әлеуметтік құрылымына сәйкес болуы тиіс. Басқаша айтқанда, басқарушының әрекеті жергілікті халықтың сұранысына сәйкес келіп, сол шындықтан бастау алғанда ғана нәтижелі болмақ.

Қорытынды. Үндеу авторлары үкімет өз қызметінде басшылыққа алуға міндетті мынадай фактілерді келтіреді: «Щербина экспедициясы (бұл экспедиция жұмысына Ә.Бөкейхановтың қатысқаны мәлім – *авт.*) зерттеуге алған он уездегі кедейлердің үлес салмағы орта есеппен 78,2%, орташалар 14,6%, ауқаттылар мен байлар (25 бастан жоғары малы бар) 7,2%, ал соңғыларының жылқыға шаққанда 100 бастан жоғары малы барлары 1%, 300 бастан көп малы бары – бар болғаны 0,2%. Капиталистік шаруашылығы бар елдердегідей еңбекті қанау түрлері қазақ қоғамында жоқ, соның нәтижесінде буржуазия, тіптен сауда буржуазиясы да қалыптаспаған, жерге жеке меншік жоқ» [1, 256-257 бб.].

Ғылыми тұрғыдан шынайы бұл фактілер совет үкіметі басшылары арасында қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерімен өзара түсінісуге жол ашуға тиіс еді. Олай болмады. Советтік жоғарғы билік, әсіресе, И.Сталин мен оның идеялас серіктері үндеуде келтірілген бұл фактілер мен тұжырымдарды алаштық элита тарапынан ұлтты билеуге ұмтылыстың көрінісі есебінде қабылдады. Шындыққа жүгінгенде ұлтты басқару ісінің алаштықтарға өтуге тиіс екендігін советтік басшылық біле тұрып, мойындағысы келмеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. 2-том. – Алматы: ДайкПресс, 2012. 2-том. – 640 б.

2 Қоңыратбаев О.М., Жүнісбаев А.Ә. Мұсылман Бюросы Егемендік идеясының жаршысы (1919-1920) (Мусульманское бюро – проводник идеи суверенитета. Монография). – Алматы: ИП «Уатхан баспасы», 2011. – 246 б.

3 Козыбаев И.М. «Большой террор» в Казахстане. - Алматы: «Раритет», 2019. –368 с.

4 Кожин В. Правда сталинских репрессий. –Москва «Алгоритм», 2007. – 448 с.

5 Киндлер Р. Сталинские кочевники. Власть и голод в Казахстане. –М., 2017.– 215 с.

6 Бұл ретте Р.Пайпстың мына мазмұндағы пікірімен келісуге тура келеді: «Конечная цель тоталитаризма – сосредоточение всей государственной власти в руках самоназначенного и самовоспроизводящегося корпуса избранных, называющего себя партией, но скорее напоминающего орден, от членов которого требуется только верность вождям и друг другу». // Ричард Пайпс. Собственность и свобода.М., 2008. С. 273.

7 Бодаубай Б. Қызыл жебе // Түркістан газеті. – 2018. – 1-қараша.

8 Сидорова В.В. Маған Колбинмен жұмыс істеу өте қиын болды // Алматы ақшамы. –2018. 13-қараша.

9 Россия с древнейших времен до конца XX века: учебное пособие для вузов / М.М.Горин [и др.]. - Москва: Дрофа, 2002.

10 Карр Э. История Советской России. Кн. 1: т. 1 и 2. Пер. с англ. / Предисл. А.П. Ненарокова. – М.: Прогресс, 1990. – 771 с.

11 Сталин И.В. Сочинения. – Т. 6. – М.: ОГИЗ; Государственное издательство политической литературы, 1947. С. 69–188.

12 З.В. Валиди Тоган. Воспоминания. Борьба мусульман Туркестана и других восточных тюрок за национальное существование и культуру. – М.,1997. – 650 с.

13 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2007. 3 том, 1 кітап. – 297 б.

14 Мұстафа Шоқай Избранные труды: В двух томах. Том первый / Сост. и автор предисловия К.Л. Есмагамбетов. – Алматы: «Арыс», 2016. Т.1. – 432 с.

15 Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2009. – 412 с. // Бұл құжат туралы Д.Аманжолова еңбегінде мынадай мазмұндағы мәлімет береді: «В Москву приехала целая группа бывших алашординцев и их сторонников, стремившихся повлиять на урегулирование столь важных для автономии проблем...» (358 б).

16 Каким был генерал Сандино? // Проблемы мира и социализма. – 1989, апрель, – №4. С.89

17 Дж.Неру Открытие Индии. Кн. 2. – Москва: Изд. «Политическая литература» 1989, – 507 с.

Pajdalanylğan adebietter tizimi:

1 Shokay M. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. 12 volume, том. 2. - Almaty: D-Press, 2012.2-volume. - 640 b.

- 2 Konyratbaev O.M., Zhanisbaev A.K. *Musylman Bureause Egemendik ideassynyn zharshysy (1919-1920) Musulmanskoe byuro – provodnik idei suvereniteta. Monografiya.* – Almaty: IP «Uathan baspasyi», 2011. – 246 b.
- 3 Kozhibaev I.M. «Bolshoy terror» v Kazahstane. – Almaty: «Raritet», 2019. – 368 s.
- 4 Kozhinov V. *Pravda stalinskih repressiy.* – Moskva «Algoritm», 2007. – 448 s.
- 5 Kindler R. *Stalinskie kochevniki. Vlast i golod v Kazahstane.* – M., 2017. – 215 s.
- 6 Bul rette R. *Paypstyn myna mazmundagy pikirimen kelisuge tura keledi: “Konechnaya cel’ totalitarizma – sosredotochenie vsej gosudarstvennoj vlasti v rukah samonaznachennogo i samovosproizvodyashchegosya korpusa izbrannyh, nazyvayushchego sebya partiej, no skoree na pominayushchego orden, ot chlenov kotorogo trebuetsya tol’ko vernost’ vozhdyam i drug drugu”.* // Richard Pipes. *Sobstvennost’ i svoboda, Moscow, 2008, p. 273.*
- 7 Bodaubai B. *Kyzyl zhebe // Türkistan gazetii.* - 2018.- 1-karasha.
- 8 Sidorova V.V. *Magan Kolbinmen zhmys isteu ote kiyn boldy // Almaty akshamy.* - 2018. – 13- karasha.
- 9 *Rossiya s drevneyshih vremen do kontsa XX veka: uchebnoe posobie dlya vuzov / M.M. Gorinov [i dr.].* - Moskva: Drofa, 2002.
- 10 Karr E. *Istoriya Sovetskoy Rossii. Kn. 1: t. 1 i 2. Per. s angl. / Predisl. A. P.Nenarokova.* – M.: Progress, 1990. – 771 s.
- 11 Stalin I.V. *Cochineniya.* – T. 6. – M.: OGIZ; Gosudarstvennoe izdatelstvo politicheskoy literatury, 1947. S. 69–188.
- 12 Z.V. Validi Togan. *Vospominaniya. Borba musulman Turkestana i drugih vostochnyih tyurok za natsionalnoe suschestvovanie i kulturu.* – M., 1997. – 650 s.
- 13 Alash Kozgalysy. *Qujattar men materialdar zhinagy.* - Almaty: "Alash", 2007. Bolum 3, 1 kitap. 297 b.
- 14 Mustafa Shokaj. *Izbrannye trudy: V dvuh tomah. Tom pervyj / Sost. i avtor predisloviya K.L. Esmagambetov.* – Almaty: «Arys», 2016. T.1. – 432 s.
- 15 Amanzholova D.A. *Na izlome. Alash v etnopoliticheskoy istorii Kazahstana.* – Almaty: Izdatel'skij dom «Tajmas», 2009. – 412 s. // *Bul quzhat turaly D.Amanzholova enbeginde mynadaj mazmundagy malimet beredi: «V Moskvu priekhala celaya gruppa byvshih alashordincev i ih storonnikov, stremivshihsya povliyat’ na uregulirovanie stol’ vazhnyh dlya avtonomii problem...» (358 b).*
- 16 *Kakim byl general Sandino? // Problemy mira i socializma.* – 1989, april’, – № 4. S.89
- 17 *Dzh.Neru Otkrytie Indii. Kn. 2.* – Moskva: Izd. «Politicheskaya literatura» 1989, – 507 s.